

№1 «31» тамыз 2023 ж
Пед кенесте қаралды

Бекітемін м.у.а. *Ис* Исакаова С.А. Іс-хаттама жетекшісі
Мектеп директоры Аудалық білім бөлім басшысы м.у.а.



Такырыбы:
Киелі-қасиетті жерлер географиясы
(элективті курс)

Класы: 10
Орындады: Е.С.Азбергенов
География пәні мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды:
№1 Хаттама «28» 08 2023 ж
Одістемелік бірлестік жетекшісі:
Тексерілді: *Ис* М.Жумакулова
Оқу ісінің меңгерушісі *Ис* С.А.Исакаова

Түсінік хат

Еліміздің келешегі жас ұрпақты жеке тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеуде, ғылыми географиялық таным негізінде дүниедегі өз орнын анықтауда, география пәні үлкен рөл атқарады. «География» оқу пәнінің мазмұнын жаратылыстану-ғылыми жүйелер, олардың өзара әрекеттесуі, табиғат құбылыстарын зерттеудің жаратылыстану-ғылыми дүниетанымы мазмұндық желілері құрайды. Мектептің білім беру жүйесінде жас ұрпаққа жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде: олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, өзінің табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетінде тіршілікті сақтауда география пәні үлкен рөл атқарады. ХХІ ғасыр-білімді шәкірттердің ғасыры. Озық ойлы шәкірттің бойына білім нәрін қазіргі талап тұрғысынан бере білу-ұстаз еңбегінің басты нәтижесі. Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі-ақылды, салалы, еңбексүйгіш тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта жас ұрпаққа сапалы білім беру, саналы тәрбие берудің тиімді жолдары сан алуан. Жер бетіндегі барша халық ұрпағының адал, ержүрек, қайырымды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды.

Осы пән бойынша оқушы білімінің сапасын арттыру арқылы өзіндік тұжырымын, көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіріп, теориялық ұғымдарды практикалық тұрғыда жүйелі ұштастыру нәтижесінде іскерлік, біліктілігін арттыру. Соның ішінде: Биылғы оқу жылында бағдарлы оқыту бойынша жаратылыстану-математика бағыт таңдап алынды. Бұл курста киелі-қасиетті жерлер мен жеке елдерге елтану бағытында сипаттама беріледі. Оқушылар әлемдік өзгерістер мен құбылыстардың кеңістікте көрініс табуын танып біледі. Адамзат өмір сүріп отырған әлем өзара тығыз байланысты, әрі өзара тәуелді. Біз бәріміз бір планетада қатарласа тіршілік етеміз, ал бұл планетамызды бөлшектеп танып-білу өте-мөте қиын. Міне, сондықтан бұл «Киелі-қасиетті жерлер» география курсына бүкіл дүние жүзі елдері жайлы әңгіме ететін боламыз. Кіріктірілген кешенді курстарды қалыптастыру, елтану материалдарын енгізу, мазмұнды ізгілендіру және әлеуметтендіру ұстанымдарын пайдалану, аймақтық және жергілікті материалдарды енгізу, оқушылардың біліктілігін көтеру, яғни олардың өмірлік компетенциясын қалыптастыру бағдарлы мектептегі география пәнінің ғылыми-теориялық жаңалықтарына жатады. Оқушылардың осы курс бойынша географияға қатысты ақпараттарды өз бетімен «тауып алуы» үшін оларды арнаулы және жалпы ғылыми жүйелілікке бағыттау.

Мақсаты:

«Киелі-қасиетті жерлер» география курсы- оқушыларға географиялық білім беру, бүкіл әлемнің аумақтық ерекшеліктері туралы бастапқы нақты білім беру, бұлардың біртұтастығын түсіндіру және осының негізінде басқа шетелдермен жеке аймақтарға деген танымдық қызығушылығын тудыру, кәсіби бағдар беру. Қазақстандағы дүние жүзі географиясының ажырамас бір бөлігі ретінде бірлікте әрі салыстыра оқыту. Оқушыларды статистикалық, картографиялық деректерді, Интернет жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйрету. Жалпы дүниені тұтас түрде көре білуге, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне, өзіндік ерекшелігіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу. Теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Міндеттері:

ІІ-сыныпқа арналған «Киелі-қасиетті жерлер» географиясы атты таңдау курсы 16-17 жастағы балаларға арналған. Бұл курс бағдарламасы 36 сағатқа бөлінген.

-Елдердің табиғат жағдайларымен табиғат ресурстарын шаруашылық тұрғыдан бағалауға;
-Халықтардың тарихи-этнографиялық, қоғамдық және киелі жерлерін оқып үйренуді қалыптастыру;

- Оқушыларға дүниежүзі елдерінің халқын олардың салт-дәстүрлерін, дінін, мәдениетінен кеңірек оқытып үйрету;
- Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен халықтар туралы, шаруашылығы және оның ғылыми-техникалық жағдайындағы даму беталыстары жайында түсінік беру;
- Түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуі;
- Сұрақтарға толық жауап беріп, тапсырмаларды ынта қоя орындауларын қадағалау;
- Курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттау;
- Географиялық мәдениеті мен білімін жетілдіруді қалыптастыру;
- Оқушыларды еңбекке баулу, мамандыққа бағдарлау және экономикалық тәрбие беру;
- Әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың жалпы қабілетін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Бұл таңдау курсын оқу нәтижесінде оқушылар географиялық ойлау қаблеті артып, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады. Сонымен қатар оқушылар анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасап, ғылыми-зерттеу жұмысына алғашқы қадам жасалынады.

- өз позициясын дәлелдеп, географиялық ойлай білуі қажет;
- оқу-әдістемелік материалдар мен қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай білуі қажет;
- жинақтар мен электрондық оқулықтармен жұмыс жасай білуі қажет
- Түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуі тиіс;

Мазмұндық бөлім

I бөлім. Кіріспе (1 сағат)

II бөлім. Еуропа дүние бөлігі (7 сағат)

Германия мемлекетінің даму тарихына тоқталып, экономикалық – географиялық жағдайын анықтау. Табиғат жағдайларымен ресурстарына мән беру, картадан көрсету арқылы оқу. Франция мемлекетінің экономикалық әл ахуалымен таныстыру, Италия, Испания сынды елдерге карта арқылы географиялық орындарына сипаттама беру. Еуропаның ұсақ мемлекеттерін теріп жазып, олардың ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, тарихи қалыптасу кезеңдерін оқу. Кескін картамен жұмыс жасай отырып, осы аталған елдерді кескін картаға түсіру.

III бөлім. Азиядүние бөлігі (13 сағат)

Азия елдерінің әкімшілік-аумақтық аймақтарына тоқталу, оңтүстік, солтүстікі батыс, шығыс бөліктерін салыстырып, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын оқу. Азияның саяси картасы мен аймақтары. Табиғат жағдайлары мен ресурстары. Халқы, шаруашылығының негізгі бағыттары. Қалыптасу тарихы, кезеңдері. Сыртқы экономикалық байланыстарын оқу.

IV бөлім. Америка және Африка құрлығы (13 сағат)

Орталық Америка елдерінің тарихын, мемлекеттік құрылымын оқу. Панама, Гондурас, Сальвадор елдеріне сипаттама беру, практикалық тұрғыдан карта мен жұмыс жасау. Оңтүстік Америка елдеріне жеке-жеке тоқталу, олардың шығу тарихын оқыту. Кескін картаға түсіру арқылы оқушыларды оқыту. Тапсырмалар арқылы ойын түйіндеу. Африка елдерінің экономикалық-географиялық жағдайын қарастыру.

Нормативтік бөлім

P/C	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
Кіріспе (1 сағат)			
1	Кіріспе сабақ	1	07.09
Еуропа дүние бөлігі (7 сағат)			
2	Біріккен Ұлттар Ұйымы	1	14.09
3	Германия	1	21.09
4	Франция	1	28.09
5	Италия	1	05.10
6	Испания	1	12.10
7	Еуропаның ұсақ мемлекеттері	1	19.10
8	Кескін картамен жұмыс. Тест жұмысы	1	26.10
Азия дүние бөлігі(13 сағат)			
9	Азия елдері	1	09.11
10	Жапония	1	16.11
11	Қытай	1	23.11
12	Монғолия	1	30.11
13	Оңтүстік Шығыс Азия елдері	1	07.12
14	Үндістан	1	14.12
15	Иран	1	21.12
16	Ауғанстан	1	28.12
17	Түркия	1	11.01
18	Орталық-Азия елдері	1	18.01
19	Орталық-Азия елдері	1	25.01
20	Шанхай ынтымақтастық ұйымы	1	01.02
21	Тест жұмысы	1	08.02
Америка және Африка құрлығы (13 сағат)			
22	Орталық Америка елдері. Панама.	1	15.02
23	Гондурас. Сальвадор	1	22.02
24	Оңтүстік Америка елдері. Эквадор	1	29.02
25	Перу. Чили	1	07.03
26	Солтүстік Америка елдері	1	14.03
27	АҚШ	1	04.04
28	Канада	1	11.04
29	Практикалық жұмыс	1	18.04
30	Африка елдері	1	25.04
31	Солтүстік Африка елдері	1	02.05
32	Альжир. Египет. Марокко	1	10.05
33	Әлемдік экономикалық бәсекелестік және Қазақстан.	1	16.05
34	Қорытынды. Тест жұмысы	1	23.05

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

а/ технологиялық әдістер: Сыни тұрғысынан ойлау элементтері: инсерт, джиско, кубизм.

в/ әдіс – тәсілдер: Жеке және жұптық, топтық жұмыстар; Оқушылардың өз бетінше іс – әрекеттері. Ойын-оқыту әдістері. Ынталандыру әдістері, «Он сұрақ» әдістері, зерттеу әдісі, сұрақ-жауап, ББҮ.

г/ бағалау: ойын тиінақты әрі дұрыс жеткізе білуіне, тапсырмаларды ұқыпты орындау барысында бағаланады. Практикалық жұмыстардың дұрыс орындалуына байланысты бағалау. Тестілеу (тестілеудің әр түрлі формалары: ашық тест, блиц-тест, жабық тест, қатесімен берілген тест, т.б.)

Бақылау жұмыстары. Әрбір маңызды тақырыпты өту нәтижесін бағалау мақсатында бақылау жұмыстары өткізіліп тұрады. Бақылау жұмысына өткен тақырыптар бойынша маңызы жоғары есептер мен сұрақтар енгізіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

1. Қызықты география. А.Әлімжанова, Алматы. 2007ж, 149 б
2. 10 томдық «Қазақстан» (1998-2007) ұлттық энциклопедиясы, 66 б
3. География мектеп журналы №2, 2005 ж, 15 б
4. Туризмнің географиялық ортасы . З.М.Әбішова, А.Р.Жұмаділов. Алматы.2007ж, 256 б
5. Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2001 ж., 200 б
6. География Бейсенова Ә. Каймулдинова К. Мектеп – 2007ж., 121 б

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

1. Әлемдік география кітабы. ДорлингКиндерслибаспасы. Лондон. 1996 ж орысшааудармасы, 256 б
2. География жәнетабиғат журналы №3 2003 ж, №1,3,5,6 2004 ж, №3,5,6 2005 ж, №3 2006ж, 19 б
3. Дүниежүзінің экономикалық-әлеуметтікгеографиясы 10-сынып В. П. Максаковский. Алматы, 2004 ж, 98 б
4. Қазақэнциклопедиясы. Алматы, 2001 ж., 141 б
5. ҚР энциклопедиялықанықтама. Алматы, 2001 ж., 100 б
6. География. Анықтама материалдары – М.: «Просвещение», 1989 ж, 79 б
7. Андреев И.В. Топография және картография. – М.: «Просвещение», 1985 ж, 212 б